№6 (8158)
13 ақпан,
2025 жыл

**Бруцеллез ауруының жасырын кезеңі 2 аптадан бірнеше айға дейін созылып, науқаста қалтырау, көп терлеу, қажып-шаршау, әлсіздену, сүйек-буын және бұлшық еттері ауыра бастайды.**

* Денсаулық

# САРЫПТАН САҚТАН!

**Өткен жылы аудан аумағында жедел бруцеллез (сарып) дерті бой көтеріп, бір науқас тіркелді. Бұл ретте аурудың көзі – ауыл шаруашылығындағы төрт түлік мал. Әсіресе адам үшін қой-ешкі бруцеллезі өте қауіпті. Сондықтан аса сақтық шараларын қолданып, кесел туралы керекті ақпаратты біліп отырған дұрыс.**



Сарып (бруцеллез) – ауру малдан жұғатын, адам денесінің буын, жүйке, жыныс мүшелерінің зақымдануына әкеліп соғатын, аса қауіпті жұқпалы дерт. Уақытылы ем қабылдамаса, бруцеллез созылмалы ауруға айналып, кейде тіпті адамды мүгедектік жағдайға душар етеді. Бруцелла бацилласы табиға ортаға өте төзімді, топырақта, қида, жемде, суда 4 айға дейін өмір сүреді. Сөйтіп өзінің ауру қоздырғыштық қасиетін толықтай сақтай алады. Ол тек қана жоғары температураға төзімсіз.

Адамдар бруцеллезді ауру малды күткенде, жемдегенде, мал қораларын тазалағанда шаң-тозаң арқылы тыныс жолдарымен, тері арқылы, әсіресе, қолдағы уақ жарықпен, ерін, көз кілегей қабықтарына түскен бациллалар арқылы жұқтырады. Бруцеллез қоздырғыштары қоршаған ортаға ауру малдың сүті, дәретімен бөлінеді. Сондықтан малдың жүнін қырыққанда, сүтін шикілей пайдаланған кезде де жұғуы мүмкін.

Бруцеллез ауруының жасырын кезеңі 2 аптадан бірнеше айға дейін созылып, науқаста қалтырау, көп терлеу, қажып-шаршау, әлсіздену, сүйек-буын және бұлшық еттері ауыра бастайды.

Бруцеллез адамнан адамға жұқпайды, тек малдан жұғады. Сондықтан жеке бас гигиенасын сақтау ережелеріне мән берген жөн. Әрбір мал қожайыны өз малының есебін дұрыс беріп, бруцеллезге тексертуі, анықталған жағдайда барлық ветеринариялық-санитариялық ережелерді орындауы қажет. Яғни, ауру малды өзгеден бөлектеп, іш тастаған төлін, шуын арнайы құралдармен немесе айырмен, күрекпен алып тастап, мал төлдеген жердің сабан-шөбін топырағымен қоса алып, қорадан аулақ жерге апарып тастауы тиіс. Бұл жерде иттер қазып алмайтындай етіп, 1-1,5 метрдей тереңдікте көмуі керек. Ауру мал бағылатын қорада темекі тартуға, тамақтануға болмайды. Жаңа туған төлді үйге кіргізудің де қажеті жоқ, себебі, пәтердегі сәбиге, балаларға, отбасы мүшелеріне жұғуы мүмкін. Әсіресе төл алу науқаны, төлдеп жатқан малға көмек көрсеткен уақытта қолда резинка қолғап, клеенкадан жең қап, фартук, аяқта етік болғаны жөн. Қолды жиі сабынмен жуып, жұмыс киімімен және аяқ киімімен үйге кірмеу қажет. Төлдеп жатқан малға балаларды араластыруға болмайды. Өйткені олар үлкен адамдарға қарағанда ауруды өте тез қабылдайды.

Сатылып алынған, сауда-саттыққа шығарылған мал, еттің, сүттің өнімі туралы мал дәрігерінің анықтамасы болуы тиіс. Онсыз саудаласудың қажеті жоқ.

Осындай қарапайым сақтық ережелерін, ветеринариялық алдын алу шараларын сақтасаңыз ғана, өзіңізді және туыстарыңызды бруцеллезді жұқтырудан қорғай аларыңыз анық.

**Зоя ТАСБОЛАТОВА,**
**аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының жетекші маманы**

* Құқық

# «ТӘРТІПКЕ БАҒЫНҒАН ҚҰЛ БОЛМАЙДЫ»

**Бас бостандығынан шартты түрде айырылған азаматтар ауданда уақытылы бақылауға алынып тұрады. Өйткені қылмыс жасаса да, заң бір рет «маңдайынан сипап» жіберген жандардың қайтадан құқық бұзушылыққа баруы әбден мүмкін. Сондықтан ауданда ақпанның 10-ы мен 23-і аралығында «Есепте тұрған тұлға» атты профилактикалық іс-шарасы өткізіледі. Онда аты айтып тұрғандай, аудандық пробация кызметі бөлімінің есебінде тұрған сотталған азаматтар қатаң қадағалауға алынады. Яғни, нақты мекен-жайлары бойынша тексеру жүргізіледі.**

Бұл жөнінде хабарлаған аудандық пробация қызметі бөлімінің басшысы, әділет майоры Жарқынай Михайлова:

***- Қазіргі таңда пробация есебінде 107 сотталған азамат тіркеуде тұр. Олардың барлығы да тұрғылықты мекен-жайы бойынша тексеріліп тұрады. Әрине, оларды тек бақылап қана қоймаймыз. Шартты түрде бас бостандығынан айырылған азаматтарға тиісті әлеуметтік көмек бағдарламасы да көрсетіледі. Атап айтқанда, медициналық және жұмыспен қамтуға жәрдем беріліп, жұмыс орнынан босатылған сотталғандарға бір жолғы ақшалай көмек беріледі. Аталған шаралар қоғамда болып жатқан түрлі қылмыстың санын азайтып, алдын алуда оң нәтиже беретініне сенім мол,***-дейді.

Жедел іс-шара барысында тиісті мекен-жайында болмаған сотталушыға шақырту беріліп, жаза өтеу тәртібін бұзғаны үшін шара қолданылады. Дәлірек айтсақ, бірінші ретте ескерту беріліп, қайталанса бас бостандығынан айыруға ұсыным жасалады. Ал тәртіпті қайта-қайта өрескел бұзған азаматтардың жаза өтеу тәртібі бас бостандығынан айыру жазасына ауыстырылады. Ендеше, «Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бағынған құл болмайды» деп батыр Бауыржан Момышұлы айтқандай, шартты сақтап, түзелу жолына түскенге не жетсін?!

**Е.АЛТАЙҰЛЫ**


## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Medeo Drilling Group» ЖШС ашық отырыс нысанында келесі жобаларды талқылау мақсатында қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды:

1."Қараған кен орнын сынамалық пайдалану жобасына" ықтимал әсерлер туралы есеп (01.01.2025 ж. жағдай бойынша) жобасы. Қоғамдық тыңдаулардың өткізілу күні мен уақыты: 28.03.2025ж. сағат 10.00-де.

2. «Қараған кен орнына жер қойнауын пайдалану қызметінің салдарын жою жобасы бойынша экологиялық бағалау материалдары (Қоршаған ортаны қорғау бөлімі, табиғатты қорғау іс-шараларының жоспары). Қоғамдық тыңдаулардың өткізілу күні мен уақыты: 28.03.2025 ж. сағат 11:30 -да.

3. "Қараған кен орнында 1800 м жобалық тереңдігі бар 2 ұңғыманы салуға арналған топтық техникалық жоба, Қараған кен орнына жобалық тереңдігі 1300м (±250м) 2 ұңғыма салуға арналған топтық техникалық жобалары бойынша экологиялық бағалау материалдары (Қоршаған ортаны қорғау бөлімі, табиғатты қорғау іс-шараларының жоспары). Қоғамдық тыңдаулардың өткізілу күні мен уақыты: 28.03.2025ж. сағат 16:30-да

Өткізу орны: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Аққиізтоғай а.о., Меңдекеш Сатыбалдиев көшесі 1 үй әкімдік ғимаратында өтеді.

Әсер ету аймағының координаттары: 1) 47° 00’ 12’’СШ, 54° 39’ 25’’ВД, 2) 47° 00’ 14’’СШ, 54° 40’ 14’’ВД, 3) 47° 00’ 5’’ СШ, 54° 40’ 13’’ВД

Интернеттегі байланыс сілтемесі:

https://us04web.zoom.us/j/4956166428?pwd=PCcCrwZADCkXOPioI4rW7ao0BCARZa.1

Конференция идентификаторы: 495 616 6428

Кіру коды: 1234567

Конференцияға қосылу мәселелері бойынша 87024190246 телефонына хабарласуға болады.

Бастамашы: «Medeo Drilling Group» ЖШС, ҚР, Алматы, Алмалы ауданы, Қабанбай батыр көшесі, 112 үй, БСН 200640028518, тел.: 8(701)749-3220; e-mail: asia_bugibaeva@mail.ru

Жобаны әзірлеуші: «Каспиан Энерджи Ресерч» ЖШС, 060005, Атырау қ., Смагулова к-і, 4А, МЛ №01042Р -14.07.07 ж., БСН 020840001081, e-mail: gul_shat_k@mail.ru, тел: 87770676529.

Жергілікті атқарушы органның электрондық мекен-жайы және пошталық мекенжайы: «Атырау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, 060011, Атырау облысы, Атырау қаласы, Әйтеке би көшесі, 77, e-mail: atr_priroda@mail.ru Тел.: 8(7122)35-45-59, БСН 050140002850

Жоба бойынша құжаттама бірыңғай экологиялық порталда https://ecoportal.kz/ және жергілікті атқарушы органның (ЖАО) ресми интернет-ресурсында https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat/press/news/1?lang=ru орналастырылған.

Ескертулер мен ұсыныстар тыңдаулар басталғанға дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей электрондық мекен-жай бойынша қабылданады atr_priroda@mail.ru және сайтта https://ecoportal.kz/.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Medeo Drilling Group» проводит общественные слушания в форме открытого собрания с целью обсуждения проектов:

1.«Отчет о возможных воздействиях к "Проекту пробной эксплуатации месторождения Караган" (по состоянию 01.01.2025г.)». Дата и время начала проведения общественных слушаний: 28.03.2025 год в 10:00 часов.

2.«Проект ликвидация последствий деятельности недропользования на месторождении Караган» с материалами экологической оценки (РООС и ППМ)». Дата и время начала проведения общественных слушаний: 28.03.2025 год в 11:30 часов.

3.«Групповой технический проект на строительство 2-х скважин с проектными глубинами 1800м на месторождении «Караган», Групповой технический проект на строительство 2-х скважин с проектными глубинами 1300м (±250м) на месторождении «Караган» с материалами экологической оценки (РООСы и ППМ)». Дата и время начала проведения общественных слушаний: 28.03.2025 год 16:30 часов.

Место проведения: Атырауская область, Жылыойский район, Аккизтогайский с.о., с.Аккизтогай, улица Меңдекеш Сатыбалдиев, в здание акимата 1.

Территория воздействия: координаты 1) 47° 00’ 12’’СШ, 54° 39’ 25’’ВД, 2) 47° 00’ 14’’СШ, 54° 40’ 14’’ВД, 3) 47° 00’ 5’’ СШ, 54° 40’ 13’’ВД.

Для подключения онлайн посредством видеоконференцсвязи на платформе ZOOM необходимо перейти по ссылке:

https://us04web.zoom.us/j/4956166428?pwd=PCcCrwZADCkXOPioI4rW7ao0BCARZa.1

Идентификатор конференции: 495 616 6428

Код доступа: 1234567

По вопросам подключения к конференции обращаться по телефону 87024190246.

Инициатор: ТОО «Medeo Drilling Group», г.Алматы, Алмалинский район, улица Кабанбай Батыра, дом 112, БИН 200640028518 тел.: 8(701)749-3220; e-mail:: asia_bugibaeva@mail.ru

Разработчик: ТОО «Каспиан Энерджи Ресерч», 060005, г. Атырау, ул. Смагулова, 4А, ГЛ №01042Р от 14.07.07 г., БИН 020840001081, e-mail: gul_shat_k@mail.ru, тел: 87770676529.

Электронный адрес и почтовый адрес местного исполнительного органа: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования по Атырауской области»: 060011, Атырауская область, г. Атырау, улица Айтеке би, 77, e-mail: atr_priroda@mail.ru/ Тел.: 8(7122)35-45-59. БИН 050140002850.

Документация по проекту размещена на Едином экологическом портале https://ecoportal.kz/ и на официальном интернет-ресурсе местного исполнительного органа https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat/press/news/1?lang=ru.

Замечания и предложения принимаются не позднее 3 рабочих дней до начала слушаний по электронному адресу atr_priroda@mail.ru и на сайте https://ecoportal.kz/.


Ардақты әке, асыл жар, қимас бауыр, немере-жиендерінің сүйікті атасы

**АДАМБАЕВ БЕКБОЛАТ ҚИЯҚБАЙҰЛЫНЫҢ**

100 күндік қадесі 20-шы ақпан күні сағат 10.00-де өтетінін хабарлаймыз.

**Өтетін орны: Құлсары қаласы,**
**Орталық мешіт асханасы.**
**Адамбаевтар әулеті**

Отбасымыздың тірегі, асқар тау әке, асыл жар, қимас бауыр

***ЖӘНІБЕК ШӘПЕНҰЛЫНЫҢ***



дүниеден өткеніне жыл толу дұға дастарханы 22-ші ақпан күні сағат 11.00-ге жайылатынын барша ағайын-туыс, құда-жекжат, дос-жаран, ауылдас жамағатқа хабарлаймыз.

**Шақырушы: Шәпен ұрпақтары**
**Өтетін орны: Жаңа Қаратон, Б.Мұқанов көшесі, «Бәйтерек» мейрамханасы**

## НОТАРИУС ХАБАРЛАЙДЫ

Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы нотариаттық кеңсесі нотариусы Құнанова Ш.Қ. (лиц.№0001214 ҚР Әділет министрлігімен 18.11.2002 ж. берілген) хабарлайды: 01.09.2024 жылы қайтыс болған аз. Демеуова Бактылы Тулегеновнаның атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің мына мекен-жайға хабарласуларын сұрайды: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, ПНГС, Б.Бойжанов к-сі., №2 үй, №7 кеңсе. Тел.: 8 (71237) 5 13 91.

Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы нотариаттық кеңсесінің нотариусы Суйеубаева Г.Н. (лиц.№18012660 ҚР Әділет министрлігімен 26.06.2018 ж. берілген) хабарлайды: 25 қыркүйек 2024 жылы қайтыс болған аз. Бекбаулиев Мерген Айтымишевичтің атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің мына мекен-жайға хабарласуларын сұрайды: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, Махамбет даңғылы, 81/8. Тел.: 8 (701) 738 88 39.

Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы нотариаттық кеңсесі нотариусы Шагатаева А.К. (лиц.№0001206 ҚР Әділет министрлігімен 14.11.2002 ж. берілген) хабарлайды: 29 тамыз 2024 жылы қайтыс болған аз. Серікқали Бибарыс Серікқалиұлының атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің мына мекен-жайға хабарласуларын сұрайды: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, Махамбет даңғылы, 11-үй, №2 пәтер Тел.: 8 775 171 53 02.

Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы нотариаттық кеңсесі нотариусы Шагатаева А.К. (лиц.№0001206 ҚР Әділет министрлігімен 14.11.2002 ж. берілген) хабарлайды: 09 қыркүйек 2024 жылы қайтыс болған аз. Мукангалиев Жалгас Мукангалиевичтің атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің мына мекен-жайға хабарласуларын сұрайды: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, Махамбет даңғылы, 11-үй, №2 пәтер Тел.: 8 775 171 53 02.

Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы нотариаттық кеңсесі нотариусы Шагатаева А.К. (лиц.№0001206 ҚР Әділет министрлігімен 14.11.2002 ж. берілген) хабарлайды: 20 қараша 2024 жылы қайтыс болған аз. Душакова Айман Жетешевнаның атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің мына мекен-жайға хабарласуларын сұрайды: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, Махамбет даңғылы, 11-үй, №2 пәтер Тел.: 8 775 171 53 02.

Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы нотариаттық кеңсесінің нотариусы Суйеубаева Г.Н. (лиц.№18012660 ҚР Әділет министрлігімен 26.06.2018 ж. берілген) хабарлайды: 05 қаңтар 2025 жылы қайтыс болған аз. Садешев Жумабай Жетибаевичтың атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің мына мекен-жайға хабарласуларын сұрайды: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, Махамбет даңғылы, 81/8. Тел.: 8 (701) 738 88 39.

Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы нотариаттық кеңсесі нотариусы Шагатаева А.К. (лиц.№0001206 ҚР Әділет министрлігімен 14.11.2002 ж. берілген) хабарлайды: 12 қыркүйек 2024 жылы қайтыс болған аз. Наурызбаев Тогызбай Бисембековичтің атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің мына мекен-жайға хабарласуларын сұрайды: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, Махамбет даңғылы, 11-үй, №2 пәтер Тел.: 8 775 171 53 02.


**"Кең Жылой" газетінің сайтына, 20 000 оқырманы бар инстаграм парақшасына жарнамалар мен құттықтаулар қабылдаймыз. Жарнама бөлімі.**

**Тел.: 8-701 413 95 22**


18 ақпан 2025жылы аукционда Құлсары қаласы Тобылғы Нұрғазиев көшесі, 141-үй мекен-жайы бойынша орналасқан жалпы көлемі -182,4 ш.м., жер учаскесі -0,12га, 2-қатарлы тұрғын үй сатылымға шығарылады.

Аукционға қатысушылардың өтінімдері 17.02.2025ж.дейін қабылданады. Үйдің бастапқы бағасы 34 297 000 теңге, төмендету әдісімен бастапқы бағаның 75 пайызына (-25%) дейін түседі.

Электрондық аукцион нысанында тыйым салынған мүлікті сату бойынша сауда-саттық өткізу қағидаларымен etp.adilet.gov.kz сайтында танысып, сұрақтар болса жеке сот орындаушысына 8-7013142495 телефонына хабарласуға болады.

**Лицензия № 497, 21.02.2012ж Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі, Сот актілерін орындау комитетінен берілген**


Неміс есту аппараттары сатылады. Тел.: 8-701 101 05 91.

Лицензия №KZ60UBC00000788-28.07.2014 ж. Атырау облыстық денсаулық сақтау басқармасы.